# ЦИКЛОГРАММА

**III-апта (17.04.2023-21.04.2023 ж.)**

**Ортаңғы «Балапан» тобы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 17.04.2023ж | Сейсенбі 18.04.2023ж | Сәрсенбі 19.04.2023ж | Бейсенбі 20.04.2023ж | Жұма 21.04.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар?»**<br>Балаларды қабылдау<br>(Ата –аналармен әңгімелесу)<br>Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Еңбек бәрін жеңбек туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | **«Еңбек - бәрін де жеңбек»** тақырыбында әңгімелеу**Мақсаты:** Балаларды еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру. Еңбек етуге деген қызығушылықтарын, ой - қиялын, тілдерін дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | **Шаттық шеңбері**<br>Болайықшы осындай.<br>Жақсы бала еңбекшіл,<br>Ер азамат болады.<br>Қиындықты жеңіп кіл,<br>Құшағы гүл толады.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы, досым-ай!<br>Таза бала мұнтаздай,<br>Сүйсінеді қараған,<br>Ұқыпты деп бұл қандай,<br>Жақсы көрер бар адам. | **Ойын.«Мен еңбекқор баламын».**<br>Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып, допты балаға лақтырады.<br>- Мен ойыншықтарымды жинаймын.<br>- Мен гүлдерге су құямын.<br>- Мен киімдерді реттеймін.<br>- Мен есіктің алдын сыпырамын | **Қимылды ойын**<br>Қырға шықсаң,өрлеп.<br>(Қолдарын кезек-кезек жоғары көтереді.)<br>Мұның аты- Еңбек.<br>(Екі қолын жаяды.)<br>Кесте тіксең,зерлеп.<br>(Оң қолымен ине ұстап,тіккен қимылды көрсетеді.)<br>Мұның аты- Еңбек.<br>(Екі қолын жаяды.)<br>Сабағыңды жөндеп<br>(Жанындағы көршісіне қарап сол қолын жаяды.)<br>Әзірлесең- Еңбек.<br>Қиындықтың бәрін<br>(Құшағын ашады.) | **Суретпен жұмыс: «Еңбек құралдары»**<br>Еңбек құралдары: Кетпен, орақ, күрек, балға, төс, ине, біз, қысқыш, жіп.<br>Ұста құралы: балға, төс, қысқыш.<br>Шаруа құралы: кетпен, орақ, күрек.<br>Тігінші құралы: ине, жіп, біз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | - Мен ыдыстарды жуамын.<br>- Мен еден жуамын,т.б | Еңбек қана жеңбек.<br>(Екі қолын жаяды.) | |
| Таңертеңгі дене шынықтыру | **Таңертеңгі жаттығулар кешені** №4.Құралмен 5-6минут<br><br>**Мақсаты:**Қимы- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | «Жүректен-жүрекке» шеңбері<br>– Балалар, бір-бірімізге «Сау бол!» деп айтайық:<br>Кел балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек?<br>Көңілді болып жүрейік.<br>Кел балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік! | Кәнеки, бір-бірімізбен амандасайық!<br>Армысың, Әлем!<br>Армысың, Жарық күн! (Қолдарын жайып, көкке көтереді.)<br>Армысың, абзал Адам! (Қолдарын алға созады.)<br>Армысың, менің досым! | – Балалар, мен сендерді – қыздар мен ұлдарды көргеніме өте қуаныштымын.<br>Сендерді шын көңілмен шаттық шеңберіне шақырамын.<br>Барлығымыз, қыздар мен ұлдар араласып тұрайық та, бір-бірімізбен амандасайық:<br>Жарқырап күнде ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды<br>Қайырлы күн!<br>Біз нәзік қыздармыз!<br>Қайырлы күн!<br>Біз ержүрек ұлдармыз! | Айтамыз алғыс қайталап,<br>Тыңдайды бізді шартарап.<br>Өмір сүру – бір бақыт.<br>Дос бола білу – шын бақыт! | Адамдарға кешіріммен қарайтын,<br>Жан жылуы жылылық боп тарайтын,<br>Кішіпейіл бала болғым келеді,<br>Айналасын нұрлы күнге балайтын |